ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 1 тамыз №5265-23-00-2/1662 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Кененбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№7 Қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Улбике» Улбике Болисбековна Кубекова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер 2023 жылғы 21 сәуірдегі мемлекеттік сатып алу туралы №129 шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған, белгіленген мерзімде тауарды жеткізбеген.

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

№2 талап бойынша:

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Шарттың 8.2 тармағына сәйкес Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады).

Сондықтан сот жауапкерден талап қоюшының пайдасына қызмет көрсетпегені үшін 15 күнге есептелген 10 350 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деп санайды (690 000*0,1%*15).

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттің пайдасына 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

АПК-нің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығысын өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 7 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Улбике» Улбике Болисбековна Кубекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара дара кәсіпкер «Улбике» Улбике Болисбековна Кубековадан Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 7 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 10 350 (он мың үш жүз елу) теңге тұрақсыздық айыппұл және 311 (үш жүз он бір) теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығысы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Кененбаева А. А., 01.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 12.09.2023, судья Кененбаева А. А., 03.10.2023
5265-23-3-1/1818

Дара кәсіпкер «Улбике» Улбике Болисбековна Кубековадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін, 1 (бір) ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: **А.А. Кененбаева**

Құжатқа қол қойылған: Кененбаева А. А., 01.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.09.2023, судья Кененбаева А. А., 03.10.2023

5265-23-3-1/1818